

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестрге арналған. 13-сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Мамандық тілі.

Грамматикалық тақырып: Міндет, жауапкершілік мәнді сөйлемдер.

Қазақтың тілі бай әрі барынша көркем. Осы бай тіліміздің құрамында сөйлеушінің сөйлем мазмұны жайлы пікірін, көзқарасын (мақұлдауын, болжамын, қалауын, тілеуін, міндеттілігін, күдік-күмәнін немесе нық сенімін) білдіруіне байланысты модаль сөздер деп аталатын сөздер бар.

Модаль сөздер есімді (керек, қажет, тиіс, сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, мүмкін, бәлки, бәлкім, әрине, әлбетте, рас, анығынан, шамасы, тәрізді) және етістікті (екен, шығар, болар, дейді, көрінеді, білем) деп екіге бөлінеді. Бұлардың модальдылық сипаты бірдей емес.

«*Керек*», «*қажет*» және «*тиіс*» сөздері осы құрамға кіреді. Табиғаты сөйлемде баяндауыш қызметінде жұмсалуға бейім бұл сөздер қолданылу барысында зат есімге айналуға қабілетті. Көп жағдайда олар заттық ұғымға өтіп, түрленіп жұмсалады. «**Қажет**», «**тиіс**», «**керек**» сөздері өзара синонимдес бола тұра, «**тиіс**» сөзі ғана жіктеледі: Мен оқуға **тиіспін**, сен оқуға **тиіссің** (тиіссіз), ол оқуға **тиіс**.

Ал «қажет», «керек» жіктелмейді. Қазір екінің бірі «бару керекпін», «баруыңыз керексіздер», т.б. деп сөйлейді. Бұл – қате.

Тиісті сөзі орындалуға тиісті іс-әрекетті жеткізу үшін қолданылады. Тұйық етістікке барыс септігі жалғауы жалғанып, *тиісті* сөзі жіктік жалғауының тіркесуінен жасалады.

Мысалы: Біз сабаққа кешікпеуге тиістіміз. **Болымсыз түрі:** Ол жұмыстан кейін қалуға тиісті *емес*.

Міндет, жауапкершілік мәнді сөйлемдердің жасалу жолдары:

Маған жарысқа қатыс+у керек (қажет).

Менің университетке бар+у+ым керек (қажет).

Мен бұл туралы айту+ға тиісті+мін.

«Міндеттілік» мағына негізінен керек, тиіс, қажет, لازم, сөздерінің қатысуымен жасалатын -у керек, -у қажет, -у لازم, - мақ керек, маққа керек, -уға тиіс, -уы(уі) тиіс сияқты аналитикалық форманттар арқылы беріледі. Мысалы: Әкең болса да жауапты нәрсені түгендеп алу керек (О. Бөкей).

Жазылым. Жаттығу жұмысы.

1-тапсырма. «Керек», «қажет» және «тиіс» сөздерін қолданып бірнеше сөйлемдер құрастырып жазыңыз.

2-тапсырма. Үлгі бойынша міндет, жауапкершілік мәнді сөйлем құрастырыңыздар.

Үлгі: Менің оқуым керек. Мен бұл емтиханды «өте жақсы» деген бағаға тапсыруға тиістімін.

3-тапсырма. Сөйлемді көшіріп жазыңыздар. Міндет, жауапкершілік мәнді сөйлемнің қалай жасалғанын анықтаңыздар.

Үлгі: Жұмыс беруші жұмыскермен еңбек шартын жаса+у+ы керек.

Жұмыс беруші жұмыскермен еңбек шартын жасауы керек. Жұмыскер өзі орындаған жұмысы үшін еңбекақысын алуы керек. Жұмыскер Еңбек Кодексінде белгіленген жағдайларға сәйкес өзіне тиісті еңбек демалысын алуға тиісті. Жұмыскер еңбек және ұжымдық шарттардағы міндеттемелерді орындауға тиісті. Мен еңбек тәртібін сақтауға тиістімін. Менің кешікпей жұмысқа баруым қажет.

Тіл дамыту жұмысы. Өлеңді жаттап алыңыз.

Қасым Аманжолов.

Туған жер

Шықшы тауға, қарашы кең далаңа,
Мәз боласын ұқсайсың жас балаға.
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,
Шарсайсың ба, құмарың бір қана ма?
Уа, дариға, алтын бесік – туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.
Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,
Неңдей күйге жүрегімді бөледің?!

Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем,
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім!
Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім,
Қызығыңды көріп еркін келемін.
Сен де аямай бердің маған барыңды,
Мен де аямай барым саған беремін.
Болдым ғашық, туған дала, мен саған,
Алыс жүрсем, арманым сен аңсаған.
Жақын жүрсем, мен төрінде рахаттың,
Алтын діңгек – өзім туған босағам.

Айтылым.

2-тапсырма. Міндет, жауапкершілік мәнді сөйлемдерді пайдаланып, әңгіме құрастырып айтыңыз.

3-тапсырма. Мамандық туралы мақал-мәтелдер айтыңыз.

13-сабақ аяқталды.